

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
10.11.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 10.11.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Руслан Нұртөлеуұлы Шпекбаев мырзаға беріледі.

ШПЕКБАЕВ Р.Н. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға Қырғыз Республикасымен өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы үкіметаралық келісімді ратификациялау бойынша заң жобасы ұсынылады.

Келісімге 2021 жылғы 2 наурызда Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровтың Қазақстанға мемлекеттік сапары барысында қол қойылды.

Келісім қырғыз тарапына әскери мүлікті, атап айтқанда, оқ-дәрілер мен арнайы жабдықты бір реттік беруді көздейді.

Қазақстандық тарап әскери мүлікті Қырғыз Республикасының Қой-Таш елді мекеніне дейін автомобиль көлігімен жеткізуді қамтамасыз етіп, оған байланысты барлық шығысты өзі көтереді.

Қырғыз тарапы Қазақстаннан алған әскери мүлікті, оны пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермейді.

Әскери мүлікті Қырғыз Республикасына беру Қазақстанның жауынгерлік әзірлігі мен қорғаныс қабілеттілігіне ықпал етпейтінін атап өту қажет, өйткені бұл көмек Қазақстан Қарулы Күштерінің ағымдағы жабдықтау қоры нормативінен тыс көрсетіледі.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Орталық Азия өңіріне іргелес аудандарда қауіпсіздік бағытында қалыптасқан жағдайға, сондай-ақ өңірлік қауіпсіздікке төнетін сын-кәтерлердің өршуіне байланысты әскери-техникалық көмек көрсету Қырғыз Қарулы Күштерінің оларға тойтарыс беруге мүмкіндігін күшейтеді.

Заңды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді, теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкелмейді.

Құрметті депутаттар, қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлына беріледі.

НАҚПАЕВ С.Ж. Рақмет,

Құрметті Руслан Нұртөлеуұлы! Келісімнің 3-бабына сәйкес еліміз әскери мүлікті Қырғызстан аумағына автомобиль көлігімен жеткізуді қамтамасыз етеді. Тасымалдау белгілі бір қатерлерден тұратындықтан, осы тасымалданатын әскери мүліктің қауіпсіздігі қалай қамтамасыз етіледі? Бұл жағдайда жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасау қалай қамтамасыз етіледі?

ШПЕКБАЕВ Р.Н. Қауіпсіздік әскери мүлікті пайдалану нұсқаулығына сәйкес іске асырылады. Әскери мүлікті шекараға дейін әскери полиция мен қарауыл күзетеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлына беріледі.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Руслан Нұртөлеуұлы! Келісімнің 4-бабына сәйкес еліміз әскери мүлікті жеткізуді жүзеге асыратын жеке құрамның атаулы тізімін ұсынуға тиіс.

Осыған байланысты әскери мүлікті жеткізуді жүзеге асыратын біздің әскери қызметшілерді іріктеуге қандай талаптар қойылатынын түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

ШПЕКБАЕВ Р.Н. Өзгеріс екі жақтың келісімімен енгізілуі мүмкін, мысалы, оқ-дәрі саны, номенклатурасы, көлік түрі, жеткізу пункті бойынша болуы мүмкін. Ол мәселе ратификация жасалып, жеке хаттармен рәсімделеді. Қазіргі уақытта өзгеріс енгізу жоспарда жоқ.

Әскери қызметшілерге қойылатын талапқа келсек, оған тиісті қызметшілер іріктеледі, осы жұмысты солар атқарады.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Руслан Нұртөлеуұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Решетников Сергей Николаевичке беріледі.

РЕШЕТНИКОВ С.Н. Рақмет.

Құрметті әріптестер! В 2017 году Указом Главы государства утверждена Военная доктрина Республики Казахстан, одной из целей которой является расширение участия в обеспечении международной безопасности и борьбе с международным терроризмом и экстремизмом.

В военно-политической сфере военная безопасность Республики Казахстан обеспечивается проведением политики, направленной на развитие сотрудничества и добрососедских отношений с другими государствами.

Сотрудничество между Республикой Казахстан и Кыргызской Республикой всегда основывалось на глубоких традициях дружбы и добрососедства. Два государства взаимодействуют в разных областях, в том числе в военной сфере, которая является важной составляющей в укреплении безопасности в центральноазиатском регионе.

Рассматриваемое соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Кыргызской Республики об оказании безвозмездной военно-технической помощи направлено на повышение эффективности сотрудничества двух государств в укреплении региональной стабильности и безопасности.

Согласно соглашению Республика Казахстан оказывает Кыргызской Республике безвозмездную военно-техническую помощь в виде передачи военного имущества, указанного в приложении.

Казахстанская сторона обеспечивает доставку военного имущества автомобильным транспортом со своей территории до населенного пункта Кой-Таш Кыргызской Республики.

На заседаниях рабочей группы и комитета проект закона был всесторонне рассмотрен. Обсуждение вопросов по соглашению и полученные на них ответы убеждают, что оказание Республикой Казахстан безвозмездной военно-технической помощи нашим кыргызским соседям будет являться одной из мер усиления безопасности в регионе и своевременно.

Все комитеты Мажилиса представили свои положительные заключения.

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдап, Парламент Сенатының қарауына жіберуді сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сергей Николаевич.

Құрметті депутаттар, енді осы заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Рақымжанов Әмірхан Мұратбекұлына беріледі.

РАХЫМЖАНОВ Ә.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы комитеттерде талқыланды және жұмыс тобында барлық сұрақтар көтерілді. Сондықтан барлық әріптестерімді заң жобасын қолдауларын сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әмірхан Мұратбекұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Сондықтан басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді біз осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сондықтан қаулының жобасын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



Дүрме: құжаттаманы қабылдасыз ету
білімнің сектор меңгерушісі
Мамат Н. Шайынбаев.